

Шектеу іс-шараларын тоқтату және Тарбағатай ауданы Ойшілік ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 27 "Тарбағатай ауданы Ойшілік ауылдық округіне қарасты Тана мырза елді мекеніне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Ойшілік ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 11 ақпандағы № 5 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 14 ақпанда № 6729 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабының 2-тармағы 4) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Тарбағатай ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 1409 ұсынысы негізінде Ойшілік ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Мүйізді ірі қара малдарының арасынан бруцеллез ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешенінің жүргізілуіне байланысты Тарбағатай ауданы Ойшілік ауылдық округіне қарасты Тана мырза елді мекеніне шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Тарбағатай ауданы Ойшілік ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 27 "Тарбағатай ауданы Ойшілік ауылдық округіне қарасты Тана мырза елді мекеніне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-16-174 тіркелген, 2019 жылғы 08 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталонды бақылау банкіне электрондық түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ойшілік ауылдық округінің әкімі

С. Ығиев